

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдар одағы



БЕКІТЕМІН

Басқарма Мүшесі академиялық
мәселелер бойынша проректор


« _____ » Т.З. Жүсіпбек
« _____ » 2022 ж.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТЫ
БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ОНЛАЙН-ОЛИМПИАДА ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**Қарағанды
2022**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша халықаралық онлайн-олимпиада туралы осы ереже (бұдан әрі – ереже) конкурстың мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін, шарттарын айқындайды.

1.2. Олимпиаданы ұйымдастырушылар: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономика факультеті, бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасы.

1.3. Олимпиада серіктесі: «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдар одағы» БКҰ

1.4. Олимпиаданы басқаруды, дайындауды және өткізуді Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасы жүзеге асырады.

1.5. Олимпиада тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

1.6. Өткізу нысаны: қашықтықтан.

1.7. Олимпиаданы дайындау және өткізу туралы ақпарат Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ сайтында орналастырылады – <https://buketov.edu.kz> және келесі адрестер бойынша әлеуметтік желілерде:

- Instagram: @kafbuch, @economksu

- Facebook: <https://www.facebook.com/economic.faculty.501>

2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Олимпиаданың мақсаты:

– білікті мамандарды дайындаудың сапасын арттыру, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ студенттердің оқу қызметіне және болашақ мамандығына қызығушылығын арттыру;

– дарынды студенттердің кәсіби өсуіне ықпал ету және оларды «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлік деңгейде білімін жалғастыруға тарту.

2.2. Олимпиада міндеттері:

– студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;

– студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі растау үшін жағдай жасау;

– қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепте практикалық дағдыларды дамыту;

– ең дарынды және білікті студенттерді қолдау;

– қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру;

– есепке алу саласындағы болашақ білікті мамандарды даярлау сапасын арттыру;

– бухгалтерлік есеп саласында студенттердің оқу, танымдық, зерттеу қызметін ынталандыру;

– олимпиадаға қатысушылардың болашақ білікті мамандардың адами

капиталын арттыратын жеке дағдыларын дамыту;

- студенттер арасында ғылыми және практикалық білімді насихаттау;
- жетекші жоғары оқу орындарының оқытушылар мен студенттер қоғамдастығы арасындағы экономика ғылымдары саласындағы байланыстарды нығайту.

3. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Олимпиада – Қазақстан Республикасы мен шет елдердің жоғары оқу орындары бакалавриатының жоғары курстары (2-3-4 курстар) студенттерінің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша зияткерлік сайысы.

3.2. Олимпиадаға қатысу қатысушылар үшін ерікті және тегін болып табылады.

3.3. Олимпиадаға қатысу жеке дара.

3.4. Ұйымдастыру комитеті олимпиадаға қатысушының тиісті мәртебесін құжаттық растауды талап етуге құқылы (оқу орнынан оқу курсы көрсетілген студент мәртебесін растайтын анықтама, студенттік билет, сынақ кітапшасы және басқалары).

4. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Олимпиаданы өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) және қазылар алқасы құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мен қазылар алқасының құрамы Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ экономика факультетінің бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамынан, Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ экономика факультетінің мамандығы бойынша жұмыс істейтін түлектерінен, ғылыми-зерттеу ұйымдарының және бизнес-қоғамдастықтардың өкілдерінен құралады және басқарма төрағасы - университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ ректоры – Басқарма Төрағасы болып табылады.

4.4. Олимпиаданы жедел басқаруды ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары немесе жауапты хатшы жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.5. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды орындайды:

- олимпиаданы өткізу регламентін бекітеді;
- қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетіне бір мезгілде мүшелікке жол берілмейтінін ескере отырып, қазылар алқасының құрамын қалыптастырады;
- олимпиада іс-шараларын тікелей өткізуді қамтамасыз етеді;

- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;
 - олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды;
 - олимпиаданы өткізу кестесі, қатысушылар құрамы, жеңімпаздар мен жүлдегерлер туралы ақпарат пен регламентке еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
 - оқытушылар мен студенттерге арналған тапсырмалар мен оқу-әдістемелік материалдар жиынтығын әзірлейді;
 - орындалған тапсырмаларды бағалау критерийлері мен әдістемелерін анықтайды;
 - олимпиаданы өткізу мақсаттарына жетуге бағытталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.
- 4.6. Олимпиаданың қазылар алқасы келесі функцияларды орындайды:
- олимпиадаға қатысушылардың жеке тапсырмаларын орындау нәтижелерін тексереді;
 - олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатураларын анықтайды;
 - ұйымдастыру комитетіне олимпиаданы ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
 - олимпиаданы өткізу мақсаттарына жетуге бағытталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.
- 4.7. Олимпиаданың қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді және қорытынды нәтижелер туралы бұйрықты дайындау үшін Ұйымдастыру комитетіне беріледі.
- 4.8. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

5. РЕГЛАМЕНТ ПРОВЕДЕНИЯ ОЛИМПИАДЫ

5.1. Олимпиаданың конкурстық тапсырмаларының мазмұны мен күрделілігі «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасына сәйкес келеді.

5.2 Олимпиада екі турдан тұрады: 1 – тестілеу, 2 – жағдайлық тапсырмаларды шешу.

Бірінші тур – бірдұрыс жауабы бар 30 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларын орындау. Бұл тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-30 минут. Әрбір қатысушы сілтеме бойынша онлайн режимінде тестіленеді: e.ksu.kz («Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары» олимпиадасы). Тестілеуге қатысу үшін барлық қатысушылар ұйымдастыру комитетінен логин және құпия сөз алады (қатысушының өтінімінде көрсетілген эл.пошта).

Екінші тур «Кейстік тапсырмаларды шешу». Олимпиаданың екінші турына тестілеуден сәтті өткен қатысушылар жіберіледі.

Кейстік тапсырмалардың шешімі электрондық түрде (сканерленген) электрондық поштаға жіберіледі: ksu.bua@mail.ru. **Хат тақырыбында: «Олимпиада_жоғары оқу орнының атауы қатысушының аты-жөні».** Шешімді электронды нұсқада ұсыну.

5.3 Конкурстық құжаттар ұйымдастырушыда сақталады және кері қайтарылмайды.

5.4 Олимпиадаға қатысушылар әр турда ұпай алады, әрі қарай қосылады.

6. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

6.1. Жеңімпаздарды марапаттау туралы қорытынды шығаруды қазылар алқасының ұсынысы бойынша олимпиаданың ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

6.2. Ең жоғары орташа қорытынды балл жинаған қатысушылар жеңімпаз деп танылады.

6.3 Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі жеңімпаз дипломдарымен, ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

6.4 Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыларды марапаттау үшін қосымша номинацияларды бекітуге құқылы. Орындардың болуы және саны осы Ережемен регламенттелмейді.

6.5 Дипломдар мен алғыс хаттар ғылыми жетекшілерге олардың электрондық мекен-жайлары бойынша жіберілетін болады.

6.6 Осы ереженің немесе регламенттің қолданылу аясынан тыс қалған барлық даулы мәселелерді немесе мәселелерді олимпиаданы ұйымдастыру комитеті Жедел тәртіппен шешеді. Ұйымдастыру комитеті төрағасының осындай мәселелер бойынша шешімі түпкілікті болып табылады.

6.7 Олимпиада нәтижелері ҚарУ ресми сайтында жарияланады. Әлеуметтік желілерде: Instagram: @kafbuch, @economksu.

6.8 конкурсқа жіберілген материалдардың мазмұны ҚР заңнамасына қайшы келмеуі тиіс. Басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын материалдар қабылданбайды.

6.9 Олимпиадаға жұмысты жіберген қатысушы (команда) және ғылыми жетекші конкурсқа қатысатын жұмыстар бойынша авторлық құқықтардың сақталуына жауап береді.

6.10 Ұйымдастырушылар жіберілген материалдарды университет сайтында және әлеуметтік желілерде ашық орналастыру үшін пайдалануға құқылы.

7. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ СӘТТЕР

7.1 Олимпиадаға қатысу үшін жоғары оқу орындары осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша олимпиаданы ұйымдастыру комитетіне электронды түрде мынадай электронды поштаға өтінім береді: ksu.bua@mail.ru. хат тақырыбында «ЖОО-ның атауы» көрсетілсін. Өтінім тіркелгеннен кейін қатысушылар олимпиадаға қатысу үшін (тест тапсырмаларын орындау үшін) логиндер мен құпия сөздер алады.

7.2 Олимпиадаға жеке қатысу. Қатысушылар олимпиадаға ЖОО-ның өтініміне сәйкес жіберіледі. Өтініш білдірген, дәлелді себептермен,

қатысушы басшысының ұсынысы бойынша қатыспаған қатысушыларды тіркеу аяқталғаннан кешіктірмей ауыстыруға болады.

7.2. Сұрақтар бойынша олимпиаданы ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады:

Шакеев Саян Саятұлы +77017292851

Темірбекова Ляззат Асанқызы +77759452459

7.3. Онлайн-олимпиаданы өткізу мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Университетская көшесі, 28 үй, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ бас ғимараты.

7.4. Осы Ереже олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің шешімімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша халықаралық дистанциялық олимпиаданы өткізу туралы ереже Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ академиялық кеңесінің отырысында қаралды және бекітілді, хаттама № _____ ж.


Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
Академиялық жұмыс департаментінің директоры,
э.ғ.к, доцент



Г.С. Ақыбаева

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша халықаралық дистанциялық олимпиаданы өткізу туралы ереже Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ экономика факультеті кеңесінің отырысында қаралды және бекітілді, хаттама № _____ ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
Экономика факультетінің кеңесінің төрағасы,
э.ғ.к., профессор



Ж.С. Хусаинова

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша Халықаралық онлайн-олимпиадаға қатысуға тапсырыс

1. ЖОО, ел атауы

2. Ғылыми жетекші туралы ақпарат:

2.1. ТАӘ, ғылыми дәрежесі (бар болса), ғылыми атағы (бар болса), лауазымы

2.2 Байланыс деректері: e-mail, телефон (жұмыс, ұялы)

3. Қатысушылар:

3.1. Әр қатысушының ТАӘ

3.2. Курс, мамандық, факультет, кафедра, оқу тілі (әр қатысушы бойынша ақпарат ұсынылады)

3.3 Әр қатысушының байланыс деректері: e-mail, телефон

Факультет деканының немесе кафедра меңгерушісінің қолы, университет мөрі

***Тапсырыста көрсетілген ақпаратты ағылшын тілінде қайталаңыз**

Тапсырыс беру күні _____